АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ
ЖЕМ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ЖЕМСКОГО СЕЛЬСКОГО
ОКРУГА
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ **РЕШЕНИЕ**

06 сәуір 2021 ж № 13

Тұрғызба ауылы село Тургызба

«Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жылыой ауданы Жем ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жер учаскесіне өтеусіз жер пайдалану құқығын беру туралы.

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 19, 44-1, 48 баптарын және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 1 тармағы 6 тармақшасын басшылыққа ала отырып, 2021 жылғы 27 қаңтарда өткізілген Жылыой аудандық жер комиссия отырысының № 2 хаттамасы негізінде **ШЕШЕМІН:**

1.«Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жылыой ауданы Жем ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылынан саябақ және демалу алаңы үшін ауданы 0,12 га жер учаскесі уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен 5 (бес) жыл мерзімге берілсін.

2.Жер учаскесі ауыртпашылықсыз және уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына шек қойылмайды.

3.Жер учаскесін уақытша жер пайдалану құқығымен бергенде айналасындағы меншік иелеріне және басқа да жер пайдаланушыларға нұқсан келмейді.

Орналасқан жері: Жылыой ауданы, Тұрғызба ауылы.

Жер учаскесінің кадастрлық номері: 04-059-

4. «Қазақстан Республикасы Атырау облысы Жылыой ауданы Жем ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне:

1)Жылыой ауданы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінен жер учаскесіне 10 жұмыс күні ішінде жалға алу келісім шартын жасақтау;

2)жер учаскесін белгіленген мақсатта пайдалану;

3)экологиялық, өртке қарсы, санитарлық талаптарды сақтау ұсынылсын.

5. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Атырау облысы бойынша филиалының Жылыой аудандық бөлімшесіне жер кадастырлық құжаттарын жасақтау және жылжымайтын мүлікті тіркеу заңдылығына сәйкес, тіркеуші органға 6 ай мерзімде тіркету тапсырылсын.

Жем ауылдық округі әкімі **Д. Айтпенбет**

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіпмен ТІРКЕЛІП және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАРЕГИСТРИРОВАНЫ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.